Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округіне қарасты Қаратомар ауылына көше атауларын беру туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округ әкімінің 2012 жылғы 25 мамырдағы N 06 шешімі. Павлодар облысының Баянауыл аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 08 маусымда N 12-5-108 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының, 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2–тармағына және Қаратомар ауылдық округі тұрғындарының 2011 жылғы 04 мамырдағы көпшілік жиынның N 4 хаттамасына сәйкес **ШЕШІМ қ а б ы л д а й м ы н** :

1. Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округіне қарасты Қаратомар ауылының көшелеріне атаулары қосымшаға сәйкес берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі *А. Кісентаев*

Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 25 мамырдағы N 06 шешіміне қосымша

Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округіне қарасты Қаратомар ауылының көше атаулары

1) N 1 көше – "Абай" көшесі;

2) N 2 көше – "Академик Қаныш Сәтбаев" көшесі;

3) N 3 көше – "Зейін Шашкин" көшесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК